

Сапақкөл орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында

5-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылы 5-сыныпта 13 оқушымен басталды. 5 ер бала және 8 қыз бала бар.

Үздік оқушылар – жоқ

Екпінділер: Хәкімұлы Қайсар, Өтеген Таңшолпан, Дарханқызы Балауса, Жарылғасын Асылым

Сыныптың жылдық білім сапасы: 32%

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші: 100%

Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Оқу жылы басында оқушылардың сабаққа материалдық тұрғыда дайындығы бақыланды. Алдын-ала ата-аналармен байланыс жасалынды.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындады. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.

Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды.

Бағыттар	Өтілген сынып сағаттары саны:
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	4
Рухани – адамгершілік тәрбие	5
Ұлттық тәрбие	5
Отбасы тәрбиесі	3
Еңбек, эконмикалық және экологиялық тәрбие	3
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	3
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	6
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	4

Тәрбие сағаты: Білім күні. «Мектебім-мейірім мекені» алғашқы қоңырауы салтанатты түрде өткізілді. Біздің сыныпқа жоспарланған тәрбие сағаты тақырыбы: «Менің саяхатым». Оқушылар бастауышпен қоштасып, орта буынға аяқ басты. Алғашқы тәрбие сағаты ата-аналардың да қатысуымен өтті. Тақырыпқа сай оқушылармен алдымен танысып, сонымен қатар ойындар, тапсырмалар арқылы оқушылардың жазғы саяхаты туралы кері байланыс орнатыла отырып өткізілді.

Тәрбие сағаты: «Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті»

Мақсаты: «Жемқорлық» ұғымын түсіндіріп, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.



Тәрбие сағаты: «Қауіпсіз ғаламтор»

Мақсаты: Оқушыларға ғаламторды дұрыс пайдалану жолдары мен зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру.

Сыныптас тыс шара: Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Р.Н.Абдрахмановамен «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында өткізілді. Оқушылар А.Байтұрсыновтың өлеңдерін нақышына келтіріп жатқа мәнерлеп оқыды.



Тәрбие сағаты: 25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстаным!» тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды Отанын сүйуге, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты: «Менің құқықтарым мен міндеттерім» сайыс-сабақ өткізілді.



Сыныптас тыс шара: Мектеп кітапханашысы Г.Медетовамен кітапханада шара болып өтті. Шара барысында оқушылар соңғы оқыған әдеби кітаптарымен ой бөліскен болатын.

Қауіпсіздік ережелері:

Қыз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері. Мақсатқа сай, оқушыларға жекелей ескерте отырып, қыз мезгіліндегі – қар, мұз, боран кезі туралы түсіндірілді.

Тәрбие сағаты: «Кибербуллинг»

Балаларға әлеуметтік желіден келетін қауіп пен бопсалау туралы түсіндірме жасалды.



Тәрбие сағаты: «Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті»

Сапақкөл орта мектебінде облыстық білім басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар жүзеге асты.

Тәрбие сағаты: «Желбірей бер, Жеңіс туы, мәңгілік»

Мақсаты: 9-мамыр Жеңіс күне байланысты Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған апалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.



Жыл қорытындысы бойынша тәрбие жұмысы аясында тәрбие сағаттары жоспарға сай, өзіндік мақсаттарымен жүзеге асырылып отырды. Ата-аналармен де байланыс орнатылып, ата-аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар 5-сынып оқушылары, ата-аналар және

пән мұғалімдерімен педконцелиум өткізілді. Нәтижесінде оқушылардың үй тапсырмасын орындауы және сабаққа қатысымдары ретке келтіріліп, оң нәтиже көрсетті.